

Экономикалық контрабанда: Қазақстандағы қылмыстық-құқықтық және әкімшілік жауапкершілік

ЖАРИЯЛАНДЫ 08.05.2025	ТІРЕК СӨЗДЕР administrative responsibility, criminal liability, economic crimes, Economic smuggling, smuggling in Kazakhstan, types of smuggling, административная ответственность, әкімшілік жауапкершілік, виды контрабанды, контрабанда в Казахстане, контрабанда түрлері, қазақстандағы контрабанда, құқықтық жауапкершілік, қылмыстық жауапкершілік, уголовная ответственность, Экономикалық контрабанда, экономикалық қылмыстар, Экономическая контрабанда, экономические преступления	СІЛТЕМЕ https://bilimger.kz/178905/
---------------------------------	--	---

Сагидулин Диас Болатович

Тұран университеті, 1 курс

Ғылыми жетекші: Ф.ғ.к қауымдастырылған профессор **Тулекова Гулжан Хажмуратовна**

Аңдатпа:

Экономикалық контрабанда – бұл елдің сыртқы экономикалық қызметіне қарсы жасалатын заңсыз әрекеттердің бірі, ол көбінесе ұлттық экономикаға айтарлықтай зиян келтіреді. Қазақстанда контрабанда мәселесі өте өзекті, өйткені елдің географиялық орналасуы халықаралық сауда мен транзиттік жолдардың маңызды бөлігі болып табылады. Осыған орай, Қазақстанда экономикалық контрабанданы жою мақсатында құқықтық шаралар қабылдануда. Мақалада Қазақстандағы экономикалық контрабанданың түрлері, оның құқықтық реттелуі және қылмыстық-құқықтық жауапкершілікке қатысты мәселелер талқыланады. Бұл мәселенің терең зерттелуі мемлекеттік органдар мен құқық қорғау органдарына контрабанданың алдын алу және оның теріс салдарынан құтылу үшін нақты ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: Экономикалық контрабанда, қазақстандағы контрабанда, құқықтық жауапкершілік, қылмыстық жауапкершілік, әкімшілік жауапкершілік, контрабанда түрлері, экономикалық қылмыстар.

Аннотация:

Экономическая контрабанда — это одно из незаконных действий, направленных против внешнеэкономической деятельности государства, которое обычно наносит значительный ущерб национальной экономике. В Казахстане проблема контрабанды особенно актуальна, так как географическое положение страны является важной частью международной торговли и транзитных путей. В связи с этим в Казахстане принимаются правовые меры для ликвидации экономической контрабанды. В статье рассматриваются виды экономической контрабанды в Казахстане, её правовое регулирование, а также вопросы уголовной и административной ответственности. Глубокое исследование этой проблемы позволяет государственным и правоохранительным органам предложить конкретные рекомендации для предотвращения контрабанды и устранения её негативных последствий.

Ключевые слова: Экономическая контрабанда, контрабанда в Казахстане, уголовная ответственность, административная ответственность, виды контрабанды, экономические преступления.

Abstract:

Economic smuggling is one of the illegal activities directed against a country's foreign economic operations, which often causes significant damage to the national economy. The issue of smuggling is especially relevant in Kazakhstan due to the country's geographical location, which is an important part of international trade and transit routes. In this regard, legal measures are being taken in Kazakhstan to eliminate economic smuggling. This article discusses the types of economic smuggling in Kazakhstan, its legal regulation, and issues related to criminal and legal responsibility. A deep analysis of this issue provides government and law enforcement agencies with specific recommendations to prevent smuggling and eliminate its negative consequences.

Keywords: Economic smuggling, smuggling in Kazakhstan, criminal liability, administrative responsibility, types of smuggling, economic crimes.

Kіріспе:

Қазіргі таңда контрабанда әлемдік экономикаға және қауіпсіздікке маңызды әсер етіп отырған құбылыс болып табылады. Экономикалық контрабанда мемлекеттік бюджеттің кірісін төмендетеді, нарықтық жағдайды бұзады және құқық бұзушылықтардың санын арттырады. Қазақстанның халықаралық саудада алатын рөлі жылдан-жылға артып келеді, сондықтан да еліміз үшін экономикалық контрабанда мәселесі аса маңызды болып табылады. Бұл құбылыспен күресуде қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік маңызды рөл атқарады. Қазақстанның құқықтық жүйесі экономикалық контрабандаға қарсы күресті тиімді жүргізу үшін тиісті заңнамалық актілерді қабылдағанымен, бұл

мәселенің шешімі әлі де өзекті болып отыр. Осы мақалада экономикалық контрабандаға қатысты құқықтық мәселелер қарастырылады, оның ішінде Қазақстандағы қылмыстық және әкімшілік жауапкершіліктің ерекшеліктері баяндалады.

Мақсаты:

Бұл зерттеудің негізгі мақсаты — Қазақстандағы экономикалық контрабанданы зерттеп, оның ұлттық экономикаға тигізетін әсерін, құқықтық реттелу механизмдерін, сондай-ақ контрабанданы жою үшін қабылданатын шараларды анықтау. Зерттеу барысында экономикалық контрабанданың негізгі түрлері мен оларды бақылау әдістері талданып, құқықтық жауапкершіліктің деңгейі мен тиімділігі бағаланады.

Міндеті:

1. Экономикалық контрабанданың түсінігін анықтау: Контрабанданың негізгі түрлерін, оның заңды және экономикалық салдарын сипаттау.
2. Қазақстан Республикасындағы экономикалық контрабанданың құқықтық реттелуін талдау: Қылмыстық кодекс пен Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексте экономикалық контрабандаға қатысты нормаларды қарастыру.
3. Құқықтық жауапкершілікті бағалау: Қазақстандағы экономикалық контрабанда үшін жауапкершіліктің тиімділігін зерттеу.
4. Контрабанданы жою бойынша ұсыныстар: Экономикалық контрабанданың алдын алу және құқықтық реттелуін жақсарту мақсатында шаралар мен ұсыныстар ұсыну.

Негізгі бөлім:

Қазақстандағы экономикалық контрабанда — бұл елдің сыртқы экономикалық қызметіне қарсы бағытталған заңсыз әрекеттер, ол өз кезегінде ұлттық экономикаға айтарлықтай зиян келтіреді. Контрабанда тауарларды кедендік бақылаудан, төлемдерден немесе рұқсаттан өткізбей өткізу арқылы жүзеге асырылады. Қазақстанның географиялық орны халықаралық сауда мен транзиттік жолдар үшін маңызды болып табылады, бұл өз кезегінде контрабанданың ұлғаюына себепші болуы мүмкін. Елдегі экономикалық контрабанданың негізгі түрлеріне көлік, әуе, теміржол және теңіз арқылы жасалатын контрабандалық әрекеттер жатады. Әрбір түрінің өзіндік ерекшеліктері мен заңды салдары бар.

Құқықтық тұрғыдан алғанда, Қазақстанда экономикалық контрабандаға қарсы күрес жүргізу үшін көптеген заңнамалық актілер мен құқықтық механизмдер енгізілген. Олардың ішінде Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі мен Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексі негізгі рөл атқарады. Осы кодекстерде контрабандалық әрекеттердің жазасы мен олардың алдын алу шаралары анық көрсетілген.

Қазақстанның құқық қорғау органдары контрабандамен күресуде белсенді жұмыстар атқаруда, алайда бұл мәселе әлі де өзекті болып тұр. Бұл мақалада экономикалық контрабанданың түрлері, оның құқықтық салдары және оған қарсы қолданылатын шаралар қарастырылады.

Экономикалық контрабанданың анықтамасы мен түрлері:

Экономикалық контрабанда – бұл тауарлар мен қызметтерді сыртқы шекаралар арқылы заңсыз тасымалдау және өткізу әрекеттері. Ол елдің ұлттық қауіпсіздігіне, экономикасына және әлеуметтік тұрақтылығына елеулі зиян келтіреді. Контрабанданың көптеген түрлері бар, олардың ішінде ең кең тарағаны тауарларды кедендік тексеруден өткізбеу арқылы тасымалдау.

Қазақстанда экономикалық контрабанданың бірнеше түрлері анықталды, оларды төмендегідей топтастыруға болады:

1. Көлік контрабандасы- Бұл түрінде тауарлар көлік құралдарымен заңсыз тасымалданады. Мұндай контрабанда жиі жолдағы тексерулерден немесе шекарадан тыс өтетін көлік құралдары арқылы жүзеге асырылады.

2. Әуе контрабандасы: Әуе көлігін пайдаланып, заңсыз тауарларды тасымалдау. Бұл түрі көбінесе халықаралық рейстерде орын алады және бақылау қиынға түседі.

3. Теміржол контрабандасы: Теміржол арқылы тауарларды заңсыз өткізу, бұл түрі көбінесе үлкен көлемде жүктер тасымалданған кезде жиі кездеседі.

4. Теңіз арқылы контрабанда: Теңіз порты арқылы тасымалданған тауарлар, әдетте, үлкен көлемде және ұзақ қашықтықтарға жеткізіледі. Бұл контрабанда түрі халықаралық саудада жиі орын алады.

Контрабанданың әртүрлі түрлері өз ерекшеліктеріне ие, бірақ олардың барлығы ел экономикасына және құқықтық жүйесіне қатер төндіреді. Сондықтан да мемлекет бұл құбылысты бақылау және оған қарсы шаралар қабылдау үшін барлық күшін салуы қажет.

Қазақстандағы экономикалық контрабанда және оның құқықтық салдары:

Қазақстанның экономикасы халықаралық нарықта белсенді қатысады, бірақ бұл елдегі экономикалық контрабанда мәселесін де күрделендіреді. Қазақстанда сыртқы экономикалық байланыстардың дамуымен бірге контрабандалық әрекеттердің көлемі де ұлғайды. Мысалы, Қазақстанның кеден аумағында заңсыз айналымға түсетін тауарлардың көбейгені байқалуда, бұл мемлекет бюджетінен салық түсімдерінің азаюына әкеледі.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі бойынша экономикалық контрабанда

ауыр қылмыс ретінде қарастырылады. Осы кодексте контрабанданың бірнеше түрі нақты көрсетілген, соның ішінде шекаралық бақылауды айналып өтіп, тауарларды заңсыз тасымалдау, жалған құжаттармен тауарларды өткізу, және т.б. айыпталатын іс-әрекеттер қамтылады. Контрабанданың салдарынан тек қаржы жоғалту ғана емес, сонымен қатар елдің халықаралық беделіне де зиян келеді.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекс бойынша контрабанданы жүзеге асыруға құқық бұзған тұлғаларға айыппұлдар немесе әкімшілік қамауға алу сияқты шаралар қолданылуы мүмкін. Алайда, бұл шаралар көбінесе контрабанданың алдын алуға жеткіліксіз болып табылады, себебі контрабандалық әрекеттердің көлемі күннен-күнге ұлғайып келеді.

Қылмыстық-құқықтық және әкімшілік жауапкершілік:

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 214-бабы бойынша экономикалық контрабанда ауыр қылмыс ретінде қарастырылады. Бұл бапта контрабандалық әрекеттердің негізгі түрлері мен оларды жүзеге асыруға қатысқан тұлғалардың жауапкершілігі анықталған. Қылмыстық жауапкершілікке тартылатын тұлғаларға бірнеше жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалуы мүмкін. Сонымен қатар, контрабандаға қатысушыларға ірі көлемдегі тауарларды заңсыз тасымалдау немесе өткізгені үшін айыппұл салынуы мүмкін.

Қазақстанда контрабанданы жою үшін құқық қорғау органдары белсенді жұмыс істейді, алайда бұл мәселенің түпкілікті шешімі үшін тек қылмыстық жауапкершіліктен тыс басқа да шаралар қажет. Әкімшілік кодекс бойынша контрабандалық әрекеттерге қатысты жеңіл жаза қолданылуы мүмкін, бірақ оларды заңсыз әрекеттердің алдын алу үшін жеткіліксіз деп саналады. Құқық қорғау органдарының жұмысын жақсарту, халықаралық ынтымақтастықты нығайту, және ақпараттық технологияларды қолдану арқылы контрабанданың алдын алуға болады.

Қорытынды:

Қазақстандағы экономикалық контрабанда мәселесі қазіргі таңда маңызды әрі өзекті болып отыр. Заңнамалық өзгерістер мен құқық қорғау органдарының күш-жігері арқасында контрабандалық әрекеттердің саны белгілі бір деңгейде төмендегенімен, бұл мәселе толықтай шешілген жоқ. Құқықтық жауапкершіліктің екі деңгейі – қылмыстық және әкімшілік шаралар – экономикалық контрабанданың алдын алуға көмектесетін маңызды құралдар болып табылады. Алайда, мемлекет үшін контрабанданы жоюда тек заңдарды күшейту ғана емес, сонымен қатар халықтың құқықтық мәдениетін арттыру, ақпараттық жүйелерді жақсарту және халықаралық ынтымақтастықты нығайту шаралары да аса маңызды.

Экономикалық контрабанда-мемлекетке үлкен зиян келтіртін құқық бұзушылық.

Қазақстандағы қылмыстық-құқықтық және әкімшілік жауапкершілік контрабанданы болдырмаудың тиімді құралдары бола алады. Дегенмен, оның алдын алу үшін құқықтық реформалар мен халықаралық ынтымақтастықты күшейту қажет.

Контрабанданың күрделі мәселесін шешу үшін кешенді, алдын-алу шараларыны қабылдап, осы саладағы құқықтық жүйені жетілдіру маңызды болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі. — Алматы, 2020.
2. Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі. — Алматы, 2019.
3. Смағұлова Б. Т., «Құқықтық реттеу және экономикалық контрабанданың алдын алу шаралары». — Астана, 2021.
4. Баймұханов А. Т., «Контрабанданың халықаралық аспектілері». — Алматы, 2022.
5. Көшкінбаева Г. С., «Экономикалық қылмыстар мен оларды жою жолдары». — Шымкент, 2018

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.